



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

13 желтоқсан
сенбі
№95 (2207)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Биыл
«Қарызсыз
қоғам»
жобасының
жүзеге
асқанына
үш жыл.
Осы аптада
жобаның
жыл бойы
атқарылған
жұмысы
Астанада
қорытынды-
ланып,
Қызылорда
облысы
үздіктер



қатарынан көрінді. Ең бастысы, елдің
қаржылық сауатын арттыруда нәтижелі
жұмыс бар. Орайы келгенде, «Қарызсыз
қоғам» жобасының Қызылорда облысы
бойынша сарапшысы
Балдырған Мәменмен
сұхбаттасудың сәті түсті.

Балдырған МӘМЕН, «Қарызсыз
қоғам» жобасының Қызылорда
облысы бойынша сарапшысы:

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ ҚАШАНДА КЕРЕК

– Кеше ғана Астанада «Қарызсыз қоғам»
жобасы қорытындыланып Қызылорда облысы-
ның командасы үздіктер қатарынан көрінді. Үздік
болу неі білдіреді?

– «Қарызсыз қоғам» жобасы биыл үшінші жыл
қатарынан жүзеге асып келеді. Алғашқы жылы
пилоттық жоба ретінде республиканың 8 өңірінде
жүзеге асты. Нәтижесінде Мемлекет басшысы бұл
жобаны барлық облыста жүргізуге тапсырма берді.
Былтыр Қызылорда облысы бойынша «Қарызсыз
қоғам» жобасы аясында 5 эксперт жұмыс істедік,
11300 азаматты оқытып, қаржылық сауаттылығын
арттырдық. Биыл бұл жобаның форматы өзгерді. Яғни
жоба аясында несесін төлей алмай жүрген, несие
қарызын төлеу 90 күннен асып кеткен азаматтарды
оқыту жөнінде шешім қабылданды. Биыл оқу 1
маусымға дейін оффлайн, кейін онлайн жүргізілді.
Яғни көп азамат бұл оқуға оффлайн қатысуға
уақыты жоқ екенін айтып, өтініш білдірген соң оқу
көпшіліктің ыңғайына қарай онлайн жүргізілді.
Онлайн сабақтар qogamfnp.kz арнайы сайтында бар,
кез келген азамат сол сайтқа кіріп, қаржылық сауатын
арттыра алады. Қазақ тілінде Дәулет Мұқаевтың
қатысуымен жазылған 23 сабақ, орыс тілінде Олжас
Ордабаевтың қатысуымен жазылған сабақтар бар.
Сайтқа тіркеліп, тегін сабақ алып, сертификат
алуға болады. Жоғарыда айтып өткенімді, биыл
несесін төлей алмай жүрген азаматтарға құқықтық
көмек, қолдау беруге басымдық берілді. Яғни шоты
бұғатталған, жаңадан төлеу кестесін алғысы келетін,
банкrottтық жариялағанды қалайтын, сот арқылы
төлем көбілетін қалпына келтіргісі келетін азаматтарға
қолдау көрсету шаралары жүргізілді. Нақты айтқанда,
мұндай жағдайда азаматтар қандай құжат толтыруды,
қайда бару керек екенін білмейді. «Қарызсыз қоғам»
жобасының заңгерлері осындай мәселе туындаған
жағдайда не істеу керек деген сұраққа жауап беретін
алгоритмдер және нұсқаулықтар әзірледі. Барлығы
халыққа түсінікті, неден бастау керек екені жазылған.
Яғни жоба аясында азаматтардың қаржылық ғана
емес, құқықтық сауатын арттыруға үлес қосудамыз.

2-БЕТТЕ

САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



Ұлт саулығы – еліміздің тұрақты дамуының кепілі екені анық.
Сондықтан да медицинаға қатысты мәселелер назардан тыс қалған
емес. Қазіргі таңда медицина саласы көз ілеспес жылдамдықпен
дамып, күн сайын медициналық ұйымдар ашылууда. Биылғы
жылдың қорытындысы бойынша аймағымызда денсаулық сақтау
саласының негізгі көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады.
Соның нәтижесінде өмір сүрудің орташа ұзақтығы облыс бойынша
74,2 жастан 75,15-ке жеткен. Межеге жету мақсатында облыстық
денсаулық сақтау басқармасы өз қызметтерін ана мен бала өлімінің
көрсеткіші, қан айналым жүйесі, онкологиялық аурулар, туберкулез
бен жарақаттану көрсеткіштерін төмендетуге, халық арасындағы
өлім-жітім мен мүгедектіктің себеп-салдарын анықтап, төмендетуге
бағыттаған.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында
өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының
басшысы Олжас Ысқаков айтты.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге
2026 жылдың бірінші
жартыжылдығына
жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті
газетіңізге жазылуды
ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін –
5000 теңге.

Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса,
мына нөмірлерге
хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.



АЛАҚАН – ЖАҢА ӘМИЯН

Бұрын фантастикалық фильмдерде көретін кейіпкерлер жай
ғана алақанын созып есік ашатын немесе бет әлпетін сканерлеп
төлем жасайтын. Ол кезде адам сенсізсіз, тек кинода ғана болатын
технология сияқты еді. Ал бүгін сол фильмдер шындыққа
айналууда. Тек фантастикада болған төлем жүйесі қазір АҚШ,
Жапония, Түркия, Қытай сияқты елдерде қолданыста.

Биометриялық төлем бет, көз, саусақ, алақан үлгісі арқылы
сәйкестендіру әлемдік қаржы индустриясының жаңа бағытына
жаңалық болып келді. Сондай төлем жүйесі «Amazon one»
компаниясы АҚШ-тағы сатып алушыларға алақан арқылы төлем
жасауға мүмкіндік беріп отыр. «Amazon One» жобасы АҚШ-тағы
Синтл ауданындағы супермаркеттерде жылдам әрі ыңғайлы төлем
жүйесі ретінде қолданушылардың сеніміне ие болған. Осыған
ұқсас биометриялық төлем жүйесі Қытайда да қолданылып келеді.
Қытайдағы Дасин әуежайында метроға кіру үшін жолаушылар
алақанын арнайы аппаратқа сканерлеп өтеді. Алақан тіркелген
банк картасынан лезде ақша төлеуге жағдай жасалған. Мұндай
төлем жүйесі физикалық картаның болуы немесе телефон

қауатының бітуі сынды мәселелерге қарамай жұмыс істей береді
екен. Сонымен бірге Қытай университетінің бірінде студенттер
асханаға тамақ ішуге кіргенде алақан сканерінің көмегімен төлем
жасайды. Бұл технология 1-2 секундта жасалатындықтан кезек
күту мәселесін шешкен.

Аппауыт елдер қолданысқа енгізген мұндай төлем жүйелері
елімізге де келді. Енді қазақстандықтар алақан көмегімен ақша
төлей алады. Елдегі төлем жүйесін жаңа деңгейге көтерген
Kaspi компаниясы «Kaspi Alaqan» деп аталатын қызмет түрін
таныстырды. Дүкенде тұрған кезде алақаныңызды арнайы
құрылғыға жақындатсаңыз жеткілікті. Михаил Ломтадзе алдымен
Алматының ірі сауда орталықтарына орнатылып, кейін еліміздің
басқа қалаларына таралатынын айтты.

– Бұл смартфонды қалтадан шығарудан да тез. Бірінші рет
қолданып көргенде ерекше әсер аласыз. Бұл жүйенің қауіпсіздік
деңгейі Kaspi ID қызметімен бірдей. Қолданушы қажет болса
алақанға байланысты деректерді кез келген уақытта өшіре
алады. Kaspi Alaqan тек кассаларда ғана емес, банкоматтарда да
қолжетімді болады. Сонымен бірге Kaspi серіктестері үшін үш
айға комиссиясыз қызмет көрсету ұсынысы қарастырылған. Бұл
дүкендерге жаңа технологияны қолдануға қосымша ынталандыру
болуы мүмкін, – деді ол.

Жаңа жүйе болған соң қолданушылар қауіпсіздік жайына
алаңдайтыны жасырын емес. Компанияның түсіндіруі бойынша
алақан суреті еш жерде сақталмайды. Алақан суреті жылдам
цифрлық кілтке айналады. Жүйе тек тірі алақанды таниды.

Алақан арқылы төлем қаншалықты қауіпсіз болуы мүмкін?
Бұл туралы аппараттық технологияларды әзірлеу және бизнес-
аналитика орталығының маманы Тұңғышбай Сарханнан сұрап
көрген едік. Айтуынша, бұл қауіпсіз төлем жүйесінің бірі.

– Биометриялық деректер саусақ ізі, алақан белері, бет
құрылымы – адамның өмір бойы өзгермейтін белгілері. Каспийде
мұндай биометрия ашық түрде сақталмайды ол дифференциал
математикалық модельге айналады. Адамның алақанын қайта-
лауға болмайтынын ескерсек, әр адамның уникалды төлем
кодтары пайда болады. Мұндай жобалар елдің цифрлық әлеуетін
көтереді, – деді маман.

Алақан төлем жүйесі енді ғана дамып келе жатқан бағыттардың
бірі. Бұл жүйе көптеген мемлекет үшін таңсық екені белгілі.
Осы тұрғыдан «Kaspi Alaqan» жобасы бүкіл Орталық Азия үшін
маңызды жаңалық болмақ. Бұл бастама Қазақстанның цифрлық
дамуы мен технологияларды қабылдай алу әлеуеті жоғары екенін
көрсетеді.

Думан КЕЧІШЛІК

Балдырған МӘМЕН, «Қарызсыз қоғам» жобасының Қызылорда облысы бойынша сарапшысы:

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ ҚАШАНДА КЕРЕК

Биыл бұл жобаны жүзеге асыру бойынша Қызылорда облысы үздіктер қатарынан көрінгені белгілі. Айта кетерлігі, жобаға жергілікті атқарушы органдар да тартылды. Атап айтқанда, елімізде азаматтардың цифрлық картасы жасалады. Бұл цифрлық карта бойынша азаматтардың әлеуметтік жағдайы санаттарға бөлінген. Цифрлық картада Д, Е санатындағы азаматтар бар, бұлар әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылар болып саналады. Сондай-ақ несие сін төлей алмай жүрген азаматтар да осы санатқа жатады. Осы ретте «Отбасын қолдау орталығынан» жауапты мамандар бөлініп, қолдау көрсетті. Біз «CRM» жүйесімен жұмыс істейміз, осы жүйеде Д, Е санатындағы азаматтардың қандай мәселесі бар, қандай қолдау көрсетілгені көрініп тұрады. Егер несиеге қатысты мәселесі болған жағдайда қаржылық жағдайын ретке келтіру үшін түсіндірме жұмысын жүргіземіз. Яғни жергілікті атқарушы орган да бұл мәселеге тікелей және нәтижелі көмек көрсетуде. Мұндай жүйемен жұмыс істеп жатқан санауды өңірлердің қатарында Қызылорда облысы бар. «Қарызсыз қоғам» жобасының биылғы қорытынды іс-шарасында Сыр өңірі үздіктер қатарынан көрінді.

Биыл жоба аясында өңірде 22 800 азаматқа қызмет көрсету межесі бекітілген. Бүгінгі күні 34755 азаматқа қызмет көрсетіліп, жылдық жоспар 52,4 пайыз артық орындалды. Облыстық кірістер басқармасының бірінші желтоқсандағы мәліметі бойынша өңір тұрғындарынан соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы 20610 арыз түскен. Оның ішінде 4662 жеке тұлға банкрот деп танылса, 15196 арыз қанағаттандырусыз қалдырылған, 334 арыз қарастырылуда. Сонымен қатар сот шешімдерімен 47 жеке тұлғаға қатысты сот арқылы банкроттық рәсімін қолданылды (оның ішінде 20 борышкер бойынша сот арқылы банкроттық рәсімі аяқталды), 60 жеке тұлғаға қатысты сот шешімімен төлем қабілеттігін қалпына келтіру рәсімі қолданылды, оның ішінде 36 жеке тұлға бойынша төлем қабілеттігін қалпына келтіру жоспары бекітілді.

– «Қарызсыз қоғам» жобасының елімізде жүзеге асқанына үш жыл болды. Үш жыл бойы жобада сарапшы болып жұмыс істеп, тұрғындардың қаржылық білімін арттыруға үлес қостыңыз. Үш жылдағы өзіңіз байқаған өзгерісті айтыңызшы...

– Қаржылық сауат деген кезде бұрын бұл курсты уақыты бар, қолы бос адам оқиды немесе экономистер, қаржыгерлер, есепшілерге қатысты тақырып деген көзқарас болғаны жасырын емес. Осы кезге дейін байқағаным, қаржылық сауат әр адамға, әр отбасыға маңызды екенін қоғам түсінді. Ақпарат пен технологияның дамыған уақытында қаржылық сауат қажеттілікке айналды. Көп азамат бұл мәселеге мән беріп, қызығушылық таныта бастады. Бұл бір жағынан бізді қуантты.

– Бұл жоба бірнеше бағыт бойынша жұмыс істейтіні белгілі. Алаяққа алданғандар, құмар ойын құрбандарына да жоба аясында психолог, заңгер кеңесі беріліп, көмек берілетіні белгілі. Сіздің тәжірибеңізде мұндай оқиғалар кездесті ме?

– Алаяқтарға алданғандардың мәселесі күрделі. Мұндай жағдайды көп кездестірдім. Әрине, мұндай кезде эмоцияға ерік беріп отыра беруге болмайды. Азаматтар алаяққа алданғанын түсінгенде бірден ішкі істер органына барып өтініш жазу керек. Ішкі істер органы жөбірленуші ретінде таныған жағдайда тиісті құжатты банктерге, қаржы ұйымдарына тез арада жеткізеді. Бұл жағдай сотқа жолданған кезінде қаржы ұйымдары мен банктер алаяқтық жолмен алынған несиеге пайыздық үстемақы қоспай, істің ақырын күтеді. Мұнан соң сот шешіміне сәйкес реттеу шаралары қабылданады. Екіншіден, алаяқтардан қорғану үшін несиеге өтінім берген жағдайда 24 сағатқа дейін күту өзгерісі енгізілуде. Яғни бұл алаяққа алданғанын түсінген азаматтар бірден тиісті орындарға хабарлаймын дегенше сақтандыру үшін қажет. Сондықтан да алаяқтарға алданған азаматтар дөрменсіздік танытпай, бірден реттеу шараларына кірісу керек. Мұнан соң қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне де тез арада ескерту керек. Әр өңірде бұл агенттіктің филиалдары бар. Сол филиалға барып көмек сұраса, мамандар әрі қарай не істеу керек екенін түсіндіріп береді. Қызылорда облысында бұл агенттіктің филиалы Ұлттық банк филиалының ғимаратында орналасқан.

– Жалпы, қаржылық білім қарапайым халыққа не үшін қажет? Жоба аясында не үйретеді алдыңыздар?

– Қаржылық сауат дегенді қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, кірісіміз бен

шығысымызды бақылау. Кірісі мен шығысын есептей алмаған адам өзін қаржылық тығырыққа тірейді десек артық айтқандық емес. Өмірде көріп жүргеніміздей, несиеге қалай кіріп кеткенін, несие не несиемен төлеу жағдайына қалай жеткенін өзі де түсінбей қалған жағдайлар аз емес. Сол себепті азаматтарға ең алдымен кіріс пен шығысты бақылау керектігін үйретеміз. Кіріс пен шығыстың тең болуы да қаржылай қиындық келтіретіні сөзсіз. Себебі аяқастынан шығын арта түссе, қарыз алу керек болады. Сол себепті кірістен шығыс аз болуын, одан бөлек, қауіпсіздік жастығын құруды үйретеміз. Бір атап айтарлығы, несие аларда көп азамат «оңай төлеп тастаймын» деп ойлайды, алайда оны қанша пайызбен алып жатқанын, қалай төлейтініне мән бермейді. Сол себепті кез келген адам несие аларда қанша пайызбен алып жатқанын және қанша уақытқа алғанын есептеп, келісімшартты мұқият оқу керек. Несие алмас бұрын «бұл мәселенің шешімі ме?» деген сұрақты



өзіне қойып, ойланған жөн. Сондай-ақ инфляцияға, базалық мөлшерлемеге мән беру керек. Бұл үкіметке ғана қатысты деп ойлайтындар бар. Бұл кез келген азаматтың әлеуметтік жағдайына әсер ететінін ұмытпау керек. Дәл қазіргі кезеңде несие алу емес, қор жинау маңызды.



– Табысы төмен адам ақша жинай ала ма?

– Бұл адамның өзіне байланысты. Кез келген отбасы қанша теңгеге өмір сүріп жатырмын, өмір сүру үшін қанша теңге қажет дегенді есептеп алу керек. Есептеу үшін шығыстарды

арттыру жағын қарастыру керек. Біз нарықтық заманда өмір сүріп жатырмыз, сондықтан бір ғана табысқа қарап отыратын уақыт емес. Нарықта кәсіби мамандарға сұраныс жоғары. Сандық технология дамыған уақытта онлайн жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Сондықтан табыс төмен болса, ең алдымен табысты арттыру жағын қарастыру керек.

– Банкрот болу қорқынышты ма? Халық қаншалықты өзін-өзі банкрот деп жариялауға дайын?

– Банкроттық жариялауды құптаймын. Егер жұмысы жоқ, қарызы жұмысына кедергі келтіріп, төлеуге мүмкіндігі жоқ жағдайда болса, әрине, банкроттық туралы шешім болуы мүмкін. Банкроттықтың салдарын ұмытпаған жөн. Банкроттық жариялаған азаматқа үш жылға дейін қаржылық жағдайына мониторинг жасалып тұрады, бес жылға дейін несие алуға шектеу қойылады. Өзін бір мәрте банкрот деп жариялаған азамат жеті жылға дейін қайтадан банкроттық жариялай алмайды деген талаптары бар. Сондай-ақ болашақта тұрғын үй жағдайын жақсартып, кәсіп ашқысы келсе, мемлекеттің жеңілдетілген несие сін алуға кедергісін келтіруі мүмкін. Сол себепті банкроттыққа құжат тапсыруға ойланyp, шешім қабылдаған жөн.

– Жоба барысында ауыл-ауылды аралап, елмен кездестініздер. Түрлі тағдыр, түрлі мәселемен бетпе-бет келдіңіз. Сізді қызықтырған, сондай-ақ сізді қуантқан жағдай?

– Иә, жоба аясында жұмыс істеу барысында түрлі тағдыр, түрлі мәселені көрдік. Мені қызықтырғаны – азаматтардың аңғалдығы. Жиі кездесетін мәселе – көп адамның несие өзі үшін емес, өзгеге сеніп, алып бергені. Кезінде көмек сұраған адамның несие өтей алмай, біреудің несие тарихын бүлдіріп, қаржылық

жағдайын қиындатып, шоттары жабылып қалып, табысы жақсы жұмыстан айырылған азаматтарды да кездестірдім. Сондықтан қандай жағдайда да біреуге несие алып бермеңіз деп кеңес берер едім. Қуантқаны – жоба аясында сабаққа қатысып, қаржылық сауатын арттырып, әлі күнге дейін кеңес сұрап, хабарласып, өзінің қаржылық жағдайы жақсарғанын айтып, қаржылық жоспар құрып, бір нәтижеге жеткендерді көру. «Қарызсыз қоғам» жобасының нәтижесіне осындай мысалдар арқылы көз жеткізудемін.

– Бұл жоба жалғасын табу керек деп ойлайсыз ба?

– Қаржылық сауат адамға қашанда керек. «Қарызсыз қоғам» жобасы қашанға дейін жалғасатынын білмеймін. Бірақ алғышарттары жасалды, қаржылық сауатын арттырғысы келгендерге тегін платформа дайын тұр. Соны қолдануға кеңес беремін. Бұл жоба әлі де жалғасын тауып, әлі де болса халықтың қаржылық сауатын арттыра түсіп, әр азаматтың қаржылық жағдайы өз жауапкершілігінде екенін түсінетіндей саналы деңгейде шешім қабылдайтын кезеңге жеткізе алатын уақытқа дейін жұмыс істегенін қалаймын.

– Қарызсыз қоғам құру мүмкін бе? Жалпы, несиесіз өмір сүру мүмкін деп ойлайсыз ба?

– Кейбіреулер несие туралы жақсы айтпайды. «Несие деген бәле болды, несие болмағанда жақсы өмір сүріп едік, несие бермесе, қарызсыз өмір сүруге үйренетін едік» деген пікірлерді естиміз. Мүмкін, бұл да дұрыс пікір шығар. Несиеге жақсы-жаман деп баға бере алмаймыз. Несие тек қана құрал. Мәселен, сіз қаламға жақсы-жаман деп баға бере алмайсыз ғой. Ол – құрал. Жазу керек кезде пайдаланасыз. Яғни әр құралдың өз қызметі бар. Несие де дәл сондай. Қажет кезінде тиімді қолдана алсаңыз, сіз үшін пайдалы құрал болады. Ал онды-солды қолдансаңыз, зиянын өзіңіз көресіз. Қарызсыз өмір сүру – әр азаматтың жеке шешімі. Нарық заманында азаматтардың өз қажеттілігі үшін қаржы құралдарын қолданатыны анық. Ең бастысы, тиімді жағына көбірек қолданса деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»: ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КОМАНДА ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Осы аптада «AMANAT» партиясы алаңында «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асу барысы қорытындыланды. Үш жыл қатарынан халықтың қаржылық сауатын арттыру және азаматтардың несие жүктемесін азайту бағытында жұмыс істеп келе жатқан жобаның 2025 жылғы қорытындысы жасалып, онда қызылордалық команда үздіктер қатарынан көрінді.

Атап өту керек, жоба тұтас ел аумағында жүзеге асты. Биыл 860 мыңға жуық азамат оқудан өтіп, оларға кәсіби көмек көрсетілді. Оның 39 167-сі Сыр өңірі командасының жүйелі жұмысы нәтижесінде жүзеге асты.

Салтанатты шарада Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов жобаға атсалысқандарға алғыс білдіріп, оның тұрғындарға әлеуметтік қолдау көрсетудің тиімді құралына айналғанын атап өтті.

– Бүгінде «Қарызсыз қоғам» жобасы ауқымды пікірлестер тобын біріктіріп, бұл қадам азаматтарға кешенді көмек көрсетудің тұтас экосистемін құруға мүмкіндік берді. Партия базасында республикалық call-орталық іске қосылып, күн сайын 180 заңгер 5 мыңға жуық өтініш қабылдауда. Бұған қоса, qogamfm.kz цифрлық платформасы құрылып, WhatsApp және Telegram-да AI-боттар жұмыс істейді. Биыл ауылдар, шалғай елді мекендер тұрғындарымен тікелей кездесу өткізетін мобильді топтар жұмысын бастады, – делі Ерлан Жақанұлы.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі арқылы осы жылдың есепті мерзімінде Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ҚАЖ департаментіне қарасты мемлекеттік мекемелерінен жазасын толық өтеп шыққан және пробация қызметі мен Қызылорда облысы полиция департаментіне қарасты қоғамдық қауіпсіздік полиция қызметінің есебінде тұрған 547 адам есепке алынып, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілді.

Атап айтқанда, 547 азаматтың 132-сі жұмыспен қамтылды. Ал «Бастау бизнес» бойынша 34, «Еңбек skills» бойынша 36 адам оқып, сертификат алды. 17 адамға қайтарымызсыз грант берілді. Оларға бизнес жоспарлары бойынша өз кәсіптерін ашуына көмек көрсетілді.

Сонымен қатар құжаттарын рәсімдеу бойынша 3 азаматқа бұғатталған жеке есебін ашуға, 1 азаматқа мүгедектікке шығуына, 11 азаматқа жеке куәлігін алуға, 1 азаматқа үй кезегіне тұруға және 37 азаматты жер кезегіне қоюға көмек көрсетілді.

Н.ТОКСАНБАЕВ,

«Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» КММ заңгері



САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Ауыл медицинасының халі қалай?

Елімізде денсаулық сақтау саласы кейінгі жылдары елеулі өзгерісті бастан өткізіп, ұлттық деңгейдегі

– 2023 жылдан бастап «Ауыл-да денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты – ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсете отырып, дені сау ұлт қалыптастыру. Соңғы жылдары медицина нысандарының келбеті жаңарып, материалдық-техникалық базасы нығаюда. Атап айтсақ, кейінгі 10 жылда 116 нысан салынып, пайдалануға берілді. «Ауыл-

Апатты жағдайдағы және тозығы жеткен ғимараттар мәселесі де назардан тыс қалмаған. Ал Арал және Шиелі аудандық ауруханаларына қарасты жұқпалы аурулар бөлімшелерінің ғимараттарын жаңадан салу жоспарлануда. Қаланың сол жағалауында халық саны артып, медициналық ұйымдар қажеттілігі туындаған. Сол себепті 300 төсектік көпбейінді аурухана салу қолға алынған.

Ана мен бала өмірі – басты назарда

Ана мен бала денсаулығын сақтау – жалпы медицинаның маңызды бағыттарының бірі. Соңғы үш жылда аймақта ана мен бала өлімі азайған. Биыл 10 айда 13 643 нәресте дүниеге келген.

– Көпбейінді облыстық аурухана деңгейінде 70 төсекке арналған босану бөлімшесі ашылды. Бұл қауіп тобындағы экстрагенитальды ауруы бар жүкті әйелдердің профилді мамандардан кеңес алуына мүмкіндік береді. Кейінгі 3 жылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандардың біліктілігін арттыруға 375 млн теңге, оның 192 млн-ы шетелде оқытуға бөлінді. Ана мен бала денсаулығын сақтау саласының материалдық-техникалық базамен жабдықталу көрсеткіші – 90,5%. Кейінгі 3 жыл көлемінде осы салаға 3млрд 200 млн теңгеге құрал-жабдықтар сатып алынды. Жыл соңына дейін тағы 1 млрд 500 млн теңге есебінен құрал-жабдықтар, оның ішінде көпбейінді облыстық балалар ауруханасына магнитті-резонансты томограф алынады, – деді Олжас Ысқаков.

Маман тапшылығы алаңдатады

Өңірде денсаулық саласындағы өзекті мәселелердің бірі – маман тапшылығы. Дегенмен, бұл мәселені де шешуді қолға алған. Қазіргі таңда аймақта 3 мыңға жуық дәрігер және 11 мыңға жуық орта буын маман қызмет етеді. Алайда ауылдық жерлерде маман тапшылығы бар. Сондықтан жас мамандарды ауылға жіберудің мүмкіндіктері қарастырылған.

– Мемлекет басшысының бастамасымен өткен жылы ауылдық елді мекендерге кемінде 5 жыл мерзімге жұмысқа келген 4 медицина қызметкеріне 8,5 млн теңге көлемінде біржолғы ақшалай төлем енгізілді. Биыл мұндай көмек алған мамандар саны 10-ға жетті. 2023 жылдан бастап аса қажетті медицина мамандықтары бойынша 60 резидентке облыс әкімінің гранты тағайындалса, медицина саласында сұранысқа ие жалпы медицина мамандығы бойынша маман даярлауға облыс әкімінің 45 гранты бөлінді. Ауылға баратын жас мамандарға қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Олжас Еркекұлы.

Басы 1-бетте

МАМАН КЕҢЕСІ

ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫҢ АЙНАЛЫСЫ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАН СЕРТИФИКАТЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VІ ҚРЗ Кодексінің 27-бабының 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, денсаулық сақтау саласындағы маманның тиісті сертификаты болмаса фармацевтикалық практикамен айналысуға тыйым салынады.

Сертификаты жоқ тұлғаның заңсыз фармацевтикалық қызметпен айналысқаны үшін ҚР ӨҚБтК 424-бабының 1-бөлігі бойынша 5 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл көзделген.

Осыған байланысты фармацевтикалық білімі бар мамандар фармацевтикалық практикамен айналысу үшін маман сертификатын алуы қажет.

Дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы маман сертификатын беру тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» №ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығына (2022 жылғы 15 қарашадағы №ҚР ДСМ-134 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен) 3-қосымшамен реттеледі.



басым бағыт ретінде айқындалды. Өсіресе ауыл тұрғындарының медициналық қызметке қолжетімділігін арттыруға айрықша назар аударылып келеді. Ауылдағы медицина инфра-құрылымын жаңғырту денсаулық сақтау саласын ғана емес, тұтас өңірлік даму сапасын арттырудың басты тетігіне айналып отыр. Ауыл халқының денсаулығы басты назардан түспей тұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірімізде сәтті жобалар жүзеге асуда.

да денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет ашылып, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуде. Кейінгі 3 жылда 24 нысан күрделі жөндеуден өтсе, 44 нысан газбен жылытылады. 15 млрд теңгеге КТ, МРТ, ангиограф және тағы басқа медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды. Қазіргі күні аудандық ауруханалардың барлығында КТ аппараты бар. Кешенді шаралар медициналық құрал-жабдықтардың жаңартылу деңгейін 2022 жылғы 83,2 пайыздан 87,6 пайызға арттырды, – деді Олжас Еркекұлы.

Вакцинация аурудың алдын алады

Вакцинация жайлы білгенімізбен, оның маңызына үгіле білмейміз. Көптеген аурудың алдын алу үшін екпе шараларын жасау қажеттігін біле тұра, одан бас тартатындар да бар екен. Мәселен, 2023 жылдан бері қызылша ауруы үздіксіз тіркелген. Оның негізгі себебі ата-аналардың екпеден бас тартуы болып отыр.

– Ұлттық күнтізбеге сәйкес бала 1 және 6 жасында қызылшаға қарсы 2 рет вакцина алуы қажет. Ауру негізінен 5 жасқа толмаған балалар арасында, 77,2%-ында дәл осы екпе алмағандар арасында тіркелген. Ата-аналардың балаларына екпе салдырмау себебін діни наным-сенімге тіреп қоядан аулақпыз. Бұған әлеуметтік желі арқылы жан-жақтан алатын ақпараттың әсері зор. Ең қиыны, екпе алған балаларға алмаған балалардың кесірі тиіп жатыр. Осы ретте ата-аналарды балалардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауға шақырамын, – деді Олжас Ысқаков.

Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Көпбейінді облыстық балалар ауруханасының базасында «Қамқорлық» ерте араласу орталығы ашылды. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару, әлеуметтік-енбек қатынастары және енбекті қорғау жөніндегі Басқарушы директоры Гибрат Ауғанов, «Қазақстан халқына» ҚҚ донорларымен Стратегиялық жоспарлау және өзара іс-қимыл бөлімінің басшысы Шыңғыс Шарапиев және «Қамқорлық» корпоративтік қорының директоры Арайлым Еркінова қатысты.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

«Қамқорлық» ерте араласу орталығы туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалармен, соның ішінде неврологиялық және ортопедиялық бұзылу қаупі бар сәбилермен, сондай-ақ шала туған балалармен жұмыс істеуге бағытталған.

Жана орталық «Самұрық-Қазына» және «Қазақстан халқына» қорларының қолдауымен әлемдік өндірушілердің заманауи оңалту жабдықтарымен жабдықталған. Мамандар вертикализаторлар, rifton тренажерлері мен модульдері, реттеуші комплекстер, «Атлант» костюмдері, сенсорлық және шунгиттік бөлмелер, тұзды шахта, иммерсионды ванна, сондай-ақ ЭЭГ, диагностикалық жүйелермен жұмыс істейді. Мұндай жабдық ерте оңалтудың сапалы бағдарламаларын жүргізуге және мүгедектік қауіпін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе 5 жасқа дейінгі балалар үшін аса маңызды. Себебі сәбидің алғашқы жылдарында кез келген



өзгерісті ерте байқау оның болашақтағы денсаулығы мен дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл орталық мамандары сәбидің кішкентай кезінен дамуындағы ауытқулар мен медициналық, әлеуметтік қауіптерді ерте анықтап, уақытында көмек көрсетеді.

Жана орталықтың құрылымы жан-жақты қамтылған. Негізгі жұмысы мультидисциплинарлық принципке негізделген. Атап айтқанда, балалармен және олардың отбасыларымен невропатолог, реабилитолог, неонатолог, жаттығу терапиясының нұсқаушысы, логопед, дефектолог және психолог жұмыс істейді. Барлық мамандар «Қамқорлық» қорының қолдауымен Астана қаласындағы Ұлттық балаларды оңалту орталығында дайындықтан өткен. Демек, бұл көрсетілетін көмектің жоғары кәсіби деңгейін қамтамасыз етеді.

Қызметтерді алу үшін ата-аналар тұрғылықты жері бойынша емханада дәрігерге барып, жолдама алуы қажет.



ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ӘДІСТЕРІ

Ауа-райының күрт өзгеруі ағзаға салмақ түсіреді. Сондықтан адамдар арасында суық тию, шаршау, ұйқының азаюы, иммунитеттің төмендеуі көбейеді. Күн суыта бастағаннан, денсаулықты күтіп, қарапайым әдеттерді жасаған жөн. Сонда қыс бойы ауырмай жүруге болады.

Дұрыс киіну тәртібі

Қалың бір киімнен гөрі жеңіл бірнеше қабат жақсы жылу ұстайды. Ең бастысы – бел, мойын және аяқтың жылы болуы.

Күн көзі азайғанда дәруменге көңіл бөлу

Қыста ағза күшін тез жоғалтады. Сондықтан D, C, B топтары бар тағамдарды көбейткен жөн: балық, жұмыртқа, көкөніс, цитрус, кепкен жеміс. Қажет болса, дәрігер кеңесінен кейін витамин қабылдауға болады.

Су ішу әдетін тоқтатпау

Суықта шөл аз болғанымен, ағзаға су бұрынғыдай қажет. Судың жетіспеуі тез шаршатады. Күніне аздап болса да үнемі су ішіп отырған дұрыс.

Дене белсенділігі

Қыста қозғалыс азаяды. Ал мұндай кезде иммунитетте әлсірейді. Кемі 10 минуттық үй жаттығулары, жеңіл созылу, қысқа серуеннің өзі ағзаны «отытуға» жеткілікті.

Үйдің ылғалдылығын бақылау

Қысқы маусымда үйлер қатты құрғайды, бұл мұрынның шырышты қабатын әлсіретеді. Ылғалдандырығыш, су құйылған ашық ыдыс немесе дымқыл сүлгі ылғалдылықты жақсартуға көмектеседі. Бұл тыныс жолдарының қорғанысын күшейтеді.

Мамандығы бойынша үздіксіз жұмыс өтілі және соңғы 5 жыл ішінде біліктілігін арттырған куәлігі кемінде 4 кредит (120 сағат) көлемінде бар қызметті алушылар кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесі құжатын ұсынбастан бастапқы сертификаттауға жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 5 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болған кезде Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес тыңдау рәсімі жүргізіледі.

Қосымша сұрақтар бойынша Департаментке (Қызылорда қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, №27, «Денсаулық үйі» ғимарат, 104-кабинет, тел: 8 (7242) 23-40-59) хабарласу қажет.

Наурыз СИСЕНБЕКОВ,

ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің фармацевтикалық инспекторат және фармацевтикалық қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер бөлімінің бас маманы

Бетті дайындаған Айтолкын АЙТЖАНОВА

СПОРТ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ

Өмірде кейінгі жылдары спорт саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Теннис орталығы, биыл пайдалануға берілген жаңа стадион – өмір спортының қарқынды дамуының айғағы. Заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған теннис орталығында бүгінгі таңда жүздеген жас жаттығып, кәсіби тұрғыда шыңдалуда. Осы орайда, теннис орталығы директорының орынбасары Нұрым Сәлімгерейұлымен сұхбаттасқан едік.

– Нұрым Сәлімгерейұлы, теннис орталығының жұмысы туралы айтып өтсеңіз.
– Теннис орталығы ашылғалы бері жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Биыл орталыққа жаңа басшы Қайрат Мергентәуілі Есенгелдиев тағайындалды. Ол кісі бұған дейін қалалық спорт бөлімін басқарған, ұлттық және ат спорты орталығында директор қызметін атқарған, саланы жетік білетін маман. Алға қойған жоспарымыз кемінде 5 спорт шеберін, 2 халықаралық дәрежедегі спорт шеберін дайындау. Бұдан бөлек, ел намысын қорғайтын Қазақстан, Азия чемпиондары мен әлемдік деңгейдегі спортшыларды тәрбиелесек дейміз.

Алматы қаласындағы дарынды балаларға арналған спорт мектеп-интернатына оқуға түсті. Бұл – біздің орталықтың деңгейін көрсететін көрсеткіштердің бірі. Жетістіктеріміз жыл сайын артып келеді.

– Жаттықтырушылардың кәсіби деңгейі, оларға қойылатын талап қандай?

– Жаттықтырушылардың барлығы теннис спортынан чемпиондыққа үміткер немесе жоғары дәрежелі мамандар. Оларға қойылатын негізгі талап спорттық білімі және тәжірибесі жеткілікті болуы тиіс. Тәжірибесіз адамнан нәтижелі жұмыс күту қиын. Сонымен бірге әр жаттықтырушыдан жауапкершілік пен тәртіп талап етіледі.

жеткілікті. Мемлекет басшысынан бастап облыс әкіміне дейін қолдау көрсетіп келеді. Жақында ғана Президент Қызылордаға сапары барысында теннис орталығына келіп, оң бағасын берді. Балаларға сәттілік тілеп, жас чемпиондарға сенім білдірді. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе.

– Жасөспірімдердің тенниске қызығушылығы қалай?

– Қызығушылығы жоғары. Жазылушылар саны күннен-күнге артауда. Дегенмен қазіргі балалар әлсіздеу болып келеді. Тез шаршайды. Мейлінше, қатты талап қоймай, түсіндіріп, мақтау арқылы үйретуге тырысамыз. Бұл – бүгінгі заманның тәрбиелеу әдісі. Сонымен қатар ересектердің де қызығушылығы бар. Бос уақытында



– Бүгінде орталықта қанша спортшы дайындалып жатыр? Спортшылардың жас ерекшелігі қандай?

– Қазіргі таңда 350 бала жаттығып жүр. 10 кәсіби жаттықтырушы тұрақты жұмыс істейді. Негізінен бізге 5 жастан 15 жасқа дейінгі бұлдиршіндер мен жасөспірімдер қабылданады. Оларды осы спорт түрінен дайындаймыз. Себебі бұл жас аралығында балалар спортқа икемді болып келеді. Яғни теннисті тез меңгереді.

– Жаттығу бағдарламасы қалай жасалады? Үйренем деушілерге жеке топ бар ма?

– Жаттығу бағдарламасы облыстық спорт басқармасымен бірге бекітіледі. Әр жаттықтырушының өз жоспары бар. Олар деңгейге қарап бөледі. Яғни жаңадан бастағандарға арналған арнайы топ жұмыс істейді. Бастапқы дайындық кезеңі мен кәсіби деңгейге бағытталған бағдарлама бөлек жүргізіледі.

– Спортшылардың жетістігі туралы айтып өтсеңіз...

– Нәтиже біз үшін ең маңызды көрсеткіш. Биыл Аделя Әлжанова, Мариям Әлжанова, Айдарбек Әліби сынды жас спортшылар халықаралық және республикалық турнирлердің жеңімпазы атанды. Айдарбек Әліби



– Орталыққа шетелдік немесе республикалық деңгейдегі мамандар шақырыла ма?

– Әрине. Тәжірибе алмасу біз үшін өте маңызды. Мәселен, үстел теннисінен Қазақстан ұлттық құрамасының аға бапкері Дмитрий Переверзов орталығымызға тұрақты түрде келіп, балаларды жаттықтырады. Балалармен бірге жаттығу жасап, өз тәжірибесін бөліседі. Бұл – жас спортшылар үшін үлкен мүмкіндік.

– Қаламызда теннис спортын дамытуға қандай да бір кедергілер бар ма?

– Айтарлықтай кедергі жоқ. Барлық жағдай жасалған. Қажетті құрал-жабдықтар

келіп, спортпен айналысатындар жетерлік. Спорт жас талғамайды. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де барлық жағдай жасалған. Біз ешкімді шектемейміз.

– Спортты көпшілікке қолжетімді ету бағытында қандай жұмыстар атқарылууда?

– Теннис орталығы кешкі 19:00-ден кейін де жұмыс істейді. Жұмыстан кеш шығатын тұрғындарға ыңғайлы болу үшін осындай шешім қабылдадық. Ең бастысы, бағасы тиімді. Спортпен айналысам деушілерге жағдай жасалған. Тек ниет болса жеткілікті.

– Сұхбатыңызға рахмет.



ЕР ЕСІМІН ҰЛЫҚТАҒАН КҮН



Қызылорда қаласындағы «Евразия» спорт кешенінде Тәуелсіздік күніне орай мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті публицист Ілияс Қабыловты еске алуға арналған 2009-2010 жылы туған жасөспірімдер арасындағы Х халықаралық дзюдо турнирінің ашылу салтанаты өтті.

Жарыстың ашылу рәсіміне облыстық мәслихат депутаты, облыстық дзюдо федерациясының президенті, «Ауыл» партиясының облыстық филиалының төрағасы Садық Мұстафа, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының бөлім басшысы Сағидат Бертая, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығының жетекші сарапшысы Нұрсұлтан



Бекмұратұлы, «Мейірім құшағы» әйел-бала отбасы жөніндегі облыстық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Динара Ибадуллаева, сондай-ақ Қырғызстанның Ош қаласынан арнайы келген дзюдо федерациясының президенті Тимур Сатиев қатысты.

Турнирдің ашылу рәсімінде құрметті қонақтар жас дзюдошыларға ізгі тілектерін білдіріп, жарыста сәттілік тіледі. Одан кейін қазақтың салт-дәстүріне сай қонақ кәде ретінде Қырғызстаннан келген Тимур Сатиевке арнайы сый-сияпат жасалды. Өз кезегінде мәртебелі мейман қырғыз халқының

атынан ризашылығын білдіріп, ұйымдастырушыларға естелік сый жасады.

Салтанатты жыйын соңында спортшылар мен қонақтар көк туды желбіретіп, патриоттық ән шырқады. Бұл сәт жас спортшыларға жігер беріп, турнирдің рухын одан әрі асқақтата түсті. Айта кетейік, халықаралық доданың биылғы маусымына Қырғызстаннан және Қазақстанның әр аймағынан келген 10 команда, жалпы саны 400-ге жуық жас спортшы қатысуда. Олар алдағы үш күн ішінде 16 салмақ дәрежесінде өзара бақ сынады.

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКАДАН АШЫҚ ЧЕМПИОНАТ БАСТАЛДЫ

Қызылорда қаласындағы «Мұз айдыны» спорт кешенінде Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған көркем гимнастикадан жасөспірімдер арасындағы республикалық ашық чемпионат басталды.

Чемпионатқа Қазақстанның әр өңірінен келген 11 команда, шамамен 230-ға жуық жас гимнаст қыздар қатысып, үш күн бойы өз шеберліктерін ортаға салмақ. Жарыс барысында төрешілер икемділік, дәлдік, көркемдік және орындаушылық қасиеттерін сыңға алады. Ашылу салтанатына облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының

басшысы Бахтияр Артаев қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі.

– Көркем гимнастика – сұлулық пен шеберлікті, үйлесімділік пен табандылықты талап ететін ерекше спорт түрі. Бұл спорт баланың тек дене бітімі мен икемін ғана емес, мінезін, тәртібін, өзіне деген сенімін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осындай жарыстар арқылы балаларымыз тәжірибе жинап, болашақта еліміздің атын халықаралық деңгейде шығарады деп сенемін, – деді басқарма басшысы.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен спортшылар мен жұлдегерлерге арнайы алғыс хаттар мен медальдар табысталады.



ВОЛЕЙБОЛ: Жасөспірімдер топ жарды

Жанакорған ауданында 2010-2011 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында облыстық деңгейдегі волейбол додасы өтті. Барлығы 13 команда қатысып, жарыс алаңында өзара бақ сынасты.



Ұлдар арасындағы жарыс нәтижесі бойынша:

- I орынды Жанакорған ауданының №8 олимпиадалық резервтің мамандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі;
- II орынды №9 Шиелі ауданының олимпиадалық резервтің мамандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі;
- III орынды №2 олимпиадалық резерв мектебі резервтің мамандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі иеленді.

Қыздар арасындағы жарыс нәтижесі бойынша:

- I орынды №7 Жанакорған ауданының олимпиадалық резервтің мамандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі;
- II орынды №11 Сырдария ауданының олимпиадалық резервтің мамандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі;
- III орынды №9 Шиелі ауданының олимпиадалық резервтің мамандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі иеленді.

27 қараша мен 3 желтоқсан аралығында Тараз қаласында 2008-2009 және 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында ҚР чемпионаты өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 400-ден астам үміткер арасында Сыр спортшылары үздік болды.

БОКС: БІР АЛТЫН, ЕКІ ҚОЛА

Атап айтсақ, 75 кг салмақ дәрежесінде Зарина Толыбай I орын, 46 кг салмақ дәрежесінде Дана Оразбекқызы III орын, 54 кг салмақ дәрежесінде Әкерке Әділханқызы III орын. Осы нәтижеге спортшылардың жетуіне сеп болған жаттықтырушы Руслан Жолбарысов.



ДЗЮДО: ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ II ОРЫН ИЕЛЕНДІ

Жақында Ақтау қаласында дзюдодан 2009-2010 жылы туған жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионаты өтті. Төрт күнге жалғасқан бәсекеге 17 облыс пен 3 қаладан келген 200-ден астам спортшы бәсекеде бақ сынады.

Қызылорда облысының жас дзюдошылары 2 алтын, 3 күміс медаль алып, жалпы командалық есепте II орын иеленді.

Жарыс нәтижесі бойынша: 55 кг салмақ дәрежесінде Ислам Саматұлы I орын, 63 кг салмақ дәрежесінде Айдархан Арайлым I орын, 90 кг салмақ дәрежесінде Еліаскар Әлікаев II орын, 60 кг салмақ дәрежесінде Аркар Бақытжан II орын, 81 кг салмақ дәрежесінде Байзақ Қажымұхан II орын иеленді.

Қызылорда облысының жас спортшылары жылды жарқын жеңістермен аяқтап, өмір спортының дамып келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Волейбол, бокс, дзюдо және кикбоксинг бойынша жеткен жетістіктер – жаттықтырушылардың еңбегі мен спортшылардың талпынысының нәтижесі.



Бетті дайындаған
Айдана БАХТИЯР

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Атқасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978

Тансырыс №2126

Нөмірдің кезекші редакторы АЙТОҚЫН АЙТЖАНОВА